# ТАУ ТҰЛҒАЛЫ АЗАМАТ

Халқымыз өз еліне деген үлесін қосып, елін құрметтеген, көпке көмек көрсетіп, өз істері арқылы абыройлы болған еріне әрдайым құрметін көрсетіп, мадақтаққа жаудырады. Әрине, әрдайым өз үлесімен танылып жүрген азамат қалай еленбей кетеді. Дәл сондай, еліне елеулі, халқына қалаулы азаматтардың бірі Жамбыл Сәулебекұлы Ақылбаев еді. Жамбыл ата үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсете білген, өз өмірін өнегелі, үлгілі сүре білген дана аға болды. Былай қарап отырсақ. алдыңғы қатар Абай, Ыбырай, Мағжандар секілді қазақ зиялыларының кейінгі тұяғы осы Жамбыл аталар болып табылады екен.

Жамбыл атаға қарап нағыз қазіргі заман талабына сай азаматтыц үлгісін көретіндейсің. Өзі жастайынан білімге құштар болған, оқу орындарын тек жақсыға бітірген-ді. Ал, қазіргі уақытта бәрімізге белгілі білім меп талаптың билеп тұрған заманында Жамбыл ата өз ісіне тиянақты, бастаған ісін аяқсыз қалдырмайтын, сөз кадірін білетін, орынсыз сөйлемейтін, сабырлы да салмақты болған жан.

Жамбыл ата жас кезінен көп адам түсіне бермейтін жаратылыстанудың қиын салаларының бірі физиканы қызығып, зерттеген. Тіпті, кейін жоғары оқу орындарда жастарға білім берсе де осы ғылымға деген қызығушылығын жоғалтпаған. Керісінше, зерттегенді бөлім-бөлім бойынша жинақтап, артынан 70 шақты ғылыми-әдістемелік жұмыс қалдырған. Өзі ашқан өнертабыстары үшіп ондаған марапатқа ие болтан. Осы ақпараттардан кейін атамыздың өзі бастаған ісіне бар зейіні мен ынта-жігерін арнағанын анық көріп отырмыз. Қазір сол ғылымиәдістемелік жұмыстары жаратылыстану салаларында жастарға қосымша білім беруде қолданылуда.

Атамыз өмірінің көп жылдарын жоғары оқу орындарында декан, ректор орындарына арнаған. Ол кісінің уииверситетте ректор болған шағындағы оқу орнындағы білім пен қатаң тәртіп өте жақсы деңгейде болған. Өзінің уақытында оқу орнының гүлденуіне бар күшжігерін салып, университеттің өзіндік қалыптасқан орнын көрсету үшін үлкен үлес қосқан жан. Осыдан-ақ атамыздың өз жұмысына деген сүйіспеншілігі мен қабілеттілігінің жоғары екенін көре аламыз және де бұл бізге үлкен үлгі қасиет.

Сонымен, академик Жамбыл Ақылбаевтың сындарлы өмір жолы қазіргі әрбір жас ұрпаққа үлгі тұтар мұрат жол екеніне көз жеткізудеміз. Атаның артынан еңбектері мен жасаған жұмыстары жайлы тіпті аты берілген мектеп оқушыларының бірі білсе, бірі білмес. Өз жұмысын жақсы көру, таңдаған салаға еліне үлес ретінде көп еңбектер жасау, өң бойына тиянақтылықпен, өзіне деген талапшылдықта дарыту секілді атамыздың бойындағы қасиеттерді өмірбаянын мен өзі жайлы мақаланы оқи қойған адам бірден көре алады және оны өзіне үлгі ретінде ұстаным деп кабылдайды. Осындай өмірлік мақсатын орындай білген, артынан үлкен сапалы жол қалдырған, келешек ұрпаққа ұлағат болған Жамбыл атаны халқы әрқашан да ардақтап, құрметтеуге дайын және құрметтей білуде.

**Ақбаян ЖАНЫБЕК,**
**бастауыш сынып**
**мұғалімі.**

Шет өңірі. - 2023. - 3 тамыз (№31). - 3 б.